

БЕКІТІЛДІ

«М.Х.Дулати атындағы Тараз
университеті» КЕ АҚ

Стратегиялық, халықаралық даму және
сапа комитетінің шешімімен

(28 03 20 25 ж. № 3 хаттама)








«ФЕМИДА» ЖАСТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Тіркеу № 15

ТАРАЗ, 2025

© Бұл М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің зияткерлік меншігі болып табылады.
Қайта басуға және / немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:	Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы Мамыш Д.Д.	 /КОЛЫ/	11.03.2025 ж.
	Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Нұрмайлов А.Е.	 /КОЛЫ/	11.03.2025 ж.
2. ЕНГІЗІЛГЕН:	Жастармен жұмыс бөлімімен		
3. ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	2021 жылғы ереже орнына енгізілсін		
5. ТАРАТЫЛСЫН:	М.Х.Дуллати атындағы Тараз университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті, жастар ұйымдары, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бөліміне таратылсын		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:	М.Х.Дуллати атындағы Тараз университетінің Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің шешімімен бекітілді. Хаттама № 3, « 28 » 03 2025 ж.		
7. КЕЛІСУШІЛЕР:	Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /КОЛЫ/	14.03.2025 ж.
	Басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Тұрлыбек А.Е.	 /КОЛЫ/	13.03.2025 ж.
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.	 /КОЛЫ/	12.03.2025 ж.
	Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы Ултанбаев А.Б.	 /КОЛЫ/	12.03.2025 ж.
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е.	 /КОЛЫ/	13.03.2025 ж.

Бұл стандарт «М.Х.Дуллати атындағы Тараз университеті» ҚЕ АҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Негізгі терминдер, қысқартылған сөздер және белгілер.....	4
4	Жауапкершілік және өкілеттілік.....	4
5	Жалпы ережелер.....	5
6	Қызметтің мақсаты мен негізгі міндеттері.....	5
7	Құқықтары.....	5
8	Жастар ұйымының бағыттары.....	6
9	Жастар ұйымының құрылымы.....	6
10	Өзге де құрамдас бөлімдермен өзара қарым-қатынасы.....	7
11.	Қосымшалар.....	8
	А қосымшасы Танысу парағы.....	8
	Б қосымшасы Өзгерістер тіркеу парағы.....	9

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Ереже университет студенттерінің құқық қорғау қызметін реттеу негіздерін белгілейді, волонтерлер қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының жастар ұйымын қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Нормативтік құжаттар

Осы құжатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Жарғы	«М.Х.Дулари атындағы Тараз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысы
-------	--

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР

3.1 Негізгі терминдер

Осы құжатта терминдер мен анықтамалар қолданылмайды.

3.2 Қысқартылған сөздер

Осы құжатта төменде келтірілген қысқартылған сөздер пайдаланылады:

Дулари университеті	«М.Х.Дулари атындағы Тараз университеті» Ке АҚ
УСТ	Университеттің стандарттық талаптары
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
КММ	Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

3.3 Белгілер

Осы құжатта белгілер қолданылмайды.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы құжат Дулати университетінің Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің отырыстарында талқыланып, бекітіледі.

4.2 Осы құжаттың УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» стандартының талаптарына сәйкес болуы үшін құжатты әзірлеуші жауап береді.

4.3 Университеттің осы құжатын іске қосу, рәсімдерді ұйымдастыру, мониторинг және қадағалау жүргізу жұмыстары Жастармен жұмыс бөліміне жүктеледі.

4.4 Осы құжатты әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу 01 УСТ сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.5 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Б қосымшасы).

4.6 Осы университет құжатының жұмыс данасын сақтау, тираждау, сайтқа орналастыру және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі әзірлеушіге жүктеледі.

4.7 Осы құжаттың жаңа жұмыс даналары университеттің факультеттеріне және кафедраларына, құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі. Құжаттың тираждалуы үшін «Dulaty university» баспасының директоры жауап береді.

4.8 Осы университет құжаттың бақылау данасын Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақтау жауапкершілігі бөлім басшысына жүктеледі

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. «Фемида.» жастар ұйымы 2020 жылы құқықтық сауаттылықты арттыру және әділетті қоғам қалыптастыру мақсатында құрылды. Ұйым университет қабырғасында студенттердің құқықтық мәдениетін дамытуға бағытталған.

5.2. Ұйымның негізгі қызметі: Құқықтық білімді насихаттау және құқықтық мәселелерді шешу дағдыларын дамыту; Студенттер арасында заңнаманы құрметтеу және құқықтық жауапкершілік принциптерін қалыптастыру; Құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдар арасындағы байланысты нығайту.

5.3. Ереже ұйым қызметінің мақсаттары, міндеттері, бағыттары мен принциптерін анықтайды. Сонымен қатар, студенттердің құқықтарын қорғау және заңдық сауаттылықты арттыру жолдарын реттейді.

6. ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

«Фемида.Дулати» жастар ұйымының басты мақсаты – студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыру, заңнаманы құрметтеу мәдениетін қалыптастыру және әділетті қоғам құруға өз үлесін қосу. Ұйым студенттердің құқықтық білімдерін тереңдетуге, заңдық мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға және олардың азаматтық ұстанымын нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар, ұйым құқықтық бастамаларды қолдап, құқықтық ақпараттық-ағартушылық іс-шараларды жүзеге асырады.

Ұйымның міндеттеріне университет қабырғасында құқықтық сауаттылықты насихаттау, құқық қорғау органдарымен серіктестік орнату және жастар арасында заңға қатысты мәселелерді талқылау кіреді. Сонымен қатар, ұйым құқықтық білім беру және студенттерді құқықтық мәдениетті дамытуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру арқылы олардың кәсіби қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді. Ұйым азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған жобаларды әзірлеп, заңдық мәселелерді шешу жолдарын талқылау және іздеу бойынша пікірталастар өткізеді.

Жастар ұйымы құқықтық ағартушылықпен қатар, студенттерге құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру, заңнамалық жаңалықтарды түсіндіру және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған тренингтер мен дәрістер ұйымдастырады. Ұйым өз қызметі арқылы әділеттілік пен заңдылық қағидаттарын насихаттай отырып, құқықтық тәртіп пен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуде жастардың белсенді рөлін арттыруды көздейді.

Ұйымның негізгі мақсаты құқықтық білім мен мәдениетті тек университетте ғана емес, аймақтық және ұлттық деңгейде де насихаттап, құқықтық идеяларды қолдау болып табылады. Осы арқылы ұйым жастардың құқықтық мәселелерді шешуге белсенді атсалысуын қамтамасыз етіп, олардың әділетті қоғам құруға қосқан үлесін арттыруға ниеттенеді.

7. ҚҰҚЫҚТАРЫ

7.1 Жастар ұйымы құқылы:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық қызметті жүзеге асыруға және қоғамдық ұйым ретінде өз құқықтарын қорғауға.

Ұйым мүшелеріне құқықтық білім беру және оларды тәжірибелік дағдылармен қамтамасыз ету мақсатында семинарлар, тренингтер және пікірталастар ұйымдастыруға.

Құқық қорғау органдарымен, кәсіби заңгерлермен және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық орнатуға және олардың қолдауымен іс-шаралар өткізуге.

Университетішілік және аймақтық деңгейдегі заңдық жобалар мен бастамаларды іске асыруға.

Құқықтық сауаттылықты арттыру және жастардың заңға қатысты қызығушылығын ояту үшін әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарын белсенді пайдалануға.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында ақпараттық кампаниялар ұйымдастыруға және құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру қызметін ұсынуға.

Демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде қаражат немесе материалдық қолдау тартуға, сондай-ақ гранттық бағдарламаларға қатысуға.

Ұйым мүшелерінің қызығушылығын қорғау және олардың құқықтарын насихаттау үшін студенттік және қоғамдық қозғалыстармен ынтымақтастық орнатуға.

Құқықтық мәдениетті дамыту мақсатында әділеттілік пен заң үстемдігін қолдайтын іс-шараларды, соның ішінде халықаралық конференциялар мен форумдарды ұйымдастыруға және оларға қатысуға.

Ұйым қызметіне қатысуға барлық студенттер үшін ашықтықты қамтамасыз ету және олардың құқықтарын тең дәрежеде қорғау.

8. ЖАСТАР ҰЙЫМЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Құқықтық ағартушылық – студенттер мен қоғам арасында құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру. Бұл бағыт аясында заңнамалық ақпараттарды түсіндіру, құқықтық мәселелер бойынша кеңестер беру және құқық қорғау саласындағы негізгі қағидаларды насихаттау жүзеге асырылады. Ұйым құқықтық білімді оңай түсінілетін түрде таратуға және студенттердің заңды білудегі қызығушылығын арттыруға баса назар аударады.

Құқық қорғау – студенттердің құқықтарын қорғау мақсатында құқықтық кеңестер ұйымдастыру және студенттердің заңдық сауаттылығын арттыру үшін тренингтер өткізу. Әлеуметтік әділеттілік пен заң үстемдігін қамтамасыз етуге арналған құқықтық бастамаларды қолдау және дамыту.

Әлеуметтік әділеттілік – қоғамдағы әлеуметтік осал топтарға құқықтық көмек көрсету және олардың құқықтарын қорғауға бағытталған жобаларды іске асыру. Бұл бағыт азаматтық қоғам арасында құқықтық білімді насихаттап, әділеттілік мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Профилактикалық жұмыс – құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған ақпараттық және білім беру шараларын өткізу. Жастар арасында құқықтық жауапкершілік пен заңды құрметтеу мәдениетін қалыптастыруға арналған дәрістер, семинарлар және тренингтер ұйымдастыру.

Кәсіби тәжірибе – студенттерге құқықтық тәжірибелерді үйрену үшін құқық қорғау органдары, адвокаттық кеңселер және сот жүйесімен байланыс орнату. Бұл бағыт заңгерлік дағдыларды дамытуға және студенттердің кәсіби өсуіне мүмкіндік береді.

Мәдени-ағартушылық – құқықтық мазмұндағы деректі және көркем фильмдер көрсету арқылы заңға қатысты маңызды мәселелерді талқылау. Сонымен қатар, әділеттілік пен заңнаманы насихаттайтын шығармашылық конкурстар мен байқаулар өткізу арқылы құқықтық білімді тереңдету.

9. ЖАСТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

9.1. Жастар ұйымының қызметін үйлестіруді университеттің студенттік жастармен жұмыс жөніндегі мамандарымен бірге тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор жүзеге асырады.

9.2. Университеттің жастар ұйымының қызметіне тікелей басшылық етуді университеттің жастар ұйымдарының штабы жүзеге асырады.

9.3. Университеттің жастар ұйымының қатысушылары университеттің әр факультетінде білім алушылар қатарынан құрылған студенттік еріктілер отрядтары болып табылады.

Жастар ұйымы:

- Лидер
- Лидер орынбасары
- Хатшы
- Әр бағыттың жетекшілері

Жастар ұйымы өз жұмысында:

- Жастар ісі жөніндегі комитетімен;
- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен, факультеттермен;
- Университеттің құрылымдық бөлімдерімен;
- Университеттің медиа қызметімен, басқа да сыртқы ұйымдармен өзара әрекеттеседі.

10. ӨЗГЕ ДЕ ҚҰРАМДАС БӨЛІМДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті, жастар ұйымдары, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бөлімі, студенттік деканаттармен, жастармен жұмыс бөлімі жанындағы өзге де жастар ұйымдарымен және «Экономика және құқық» факультетінің деканатымен жұмыс атқарады.

11.Қосымшалар

А қосымшасы

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

(міндетті)

[illegible]

Б ҚОСЫМШАСЫ

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]